

2025 жылға мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есеп

1. Жалпы ережелер

1) Қызмет көрсетушілер туралы мәліметтер

Білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді Ақмола облысы білім басқармасының “Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, №6 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті” КММ көрсетеді.

Заңды мекенжайы: Щучинск қаласы, Луначарский көшесі, 197А/2.

2) Мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат

Ақмола облысы білім басқармасының “Бурабай ауданы, Щучинск қаласы № 6 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті” КММ 3 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

1. 402007 «Дамуында проблемалар бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу»;
2. 803018 «Мұғалімдердің аттестациялауға құжаттарын қабылдау»;
3. 803010 «Білім беру мемлекеттік ұйымдарындағы бос немесе уақытша бос педагог лауазымына конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау».

2025 жылы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті 77 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Оның ішінде:

- электрондық үкімет порталы арқылы – 0 мемлекеттік қызмет;
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы – 0 мемлекеттік қызмет;
- қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы – 77 мемлекеттік қызмет;
- қызмет көрсетушінің ақпараттық жүйелері арқылы электрондық форматта – 0 мемлекеттік қызмет.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден негізделген бас тартулар өтініш бойынша берілген жоқ.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

3) Ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат

Білім беру саласындағы ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

«Дамуында проблемалар бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу»;

2. Қызмет алушылармен жұмыс

1) Ақпарат көздері мен қолжетімділік орындары туралы мәліметтер

Қызмет алушылар үшін қажетті барлық ақпарат білім басқармасының ресми интернет-ресурсында
<http://sc0051.burabay.aqmoedu.kz/content/gosudarstvennye-uslugi-754>

«Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде орналастырылған, онда мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары жарияланған. Сондай-ақ ресми интернет-ресурстарында және ақпараттық стендтерінде мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді. Сонымен қатар қызмет алушыларға қолжетімді орындарда «Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі» баннері, «eGov mobile» мобильді қосымшасын пайдалану бойынша роллап орнатылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген.

2) Ашықтықты қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар

2025 жыл ішінде түзету кабинеті «Instagram», «Facebook» әлеуметтік желілерінде және аудандық қоғамдық-саяси «Луч» газетінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша 1 мақала жариялады. «Instagram» әлеуметтік желісінде мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы 1 тікелей эфир өткізілді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері қаралған 1 педагогикалық кеңес өткізілді. Бұқаралық ақпарат құралдары және қызмет көрсетушінің интернет-ресурсы арқылы мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәртібі туралы халықты ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға консультациялар түрінде түсіндіру жұмыстары, семинар-практикумдар, «дөңгелек үстелдер», ата-аналар жиналыстары өткізілді.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету үдерістерін жетілдіру жөніндегі қызмет

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету үдерістерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында қызмет көрсетуші Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің АРМ ГУ МОН РК жүйесінде жұмыс істейді.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.

Білім беру саласында түзету кабинетінде мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету үшін біліктілікті арттыру курстарынан өткен 2 қызметкер жұмыс істейді. Мамандар қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген.

Түзету кабинетінде «egov.kz» өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. Қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету үшін өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышына жедел жады 16 ГБ болатын 1 ноутбук сатып алынды.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет алушылардың шағымдары туралы ақпарат.

Есепті 2024 жыл кезеңінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет алушылардан қызмет көрсетуші мемлекеттік органға шағымдар түскен жоқ және қаралмаған. Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерінің бұзылуы тіркелген жоқ.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына бақылауды әдіскер мен ұйым басшысы жүзеге асырады.

Қоғамдық мониторинг нәтижелеріне сәйкес, 2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылуы анықталған жоқ.

5. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру перспективалары

Мемлекеттік қызметтер көрсету тиімділігін және қызмет алушылардың қанағаттану деңгейін арттыру мақсатында келесі міндеттер қойылды:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң сақтау;

- мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- электрондық үкімет порталы арқылы жүгінулер үлесін арттыру;
- қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі мемлекеттік бақылау жүргізу.

2025 жылы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті жеке және заңды тұлғаларды қолжетімді әрі сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастырады.

Басшы:



Ш.Садвакасова

Орынд: Д.Досова
Тел.: 8(71636)21468